Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының
докторанты Сыздықова Сәуле Мұстафақызының
«6D050100 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынатын
«Қазақстандағы отбасылық дауларды реттеудегі медиацияны
әлеуметтік талдау» атты ғылыми диссертациялық жұмысына
отандық ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі қазіргі қоғамдағы отбасылық қатынастардың трансформациясымен, ажырасулар санының өсуімен, ерлі-зайыптылар арасындағы коммуникациялық дағдарыстардың тереңдеуімен және дәстүрлі сот тетіктерінің отбасылық даулардың әлеуметтік-психологиялық табиғатын толық ескере алмауымен айқындалады. Осы тұрғыда медиация отбасылық дауларды реттеудің баламалы құқықтық құралы ғана емес, әлеуметтік өзара әрекеттестікті қалпына келтіруге, тараптар арасындағы сенімді нығайтуға және ұзақ мерзімді әлеуметтік салдарды төмендетуге бағытталған маңызды әлеуметтік институт ретінде қарастырылады. Автордың зерттеуі дәл осы аспектілерді әлеуметтанулық тұрғыдан кешенді талдауға бағытталған.

Диссертациялық жұмыста зерттеудің мақсаты, міндеттері, объектісі мен пәні, зерттеу сұрақтары мен гипотезалары логикалық тұрғыдан нақты тұжырымдалған және өзара үйлесімді. Зерттеу мақсатына жету үшін ізденуші теориялық талдауды, библиометриялық зерттеуді, ауқымды сандық социологиялық сауалнаманы және сапалық сараптамалық сұхбаттарды біріктіретін кешенді әдіснамалық тәсілді қолданған. Мұндай әдіснамалық триангуляция зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен ғылыми негізділігін арттыра отырып, отбасылық медиацияны әлеуметтік институт және нақты практика ретінде көпөлшемді деңгейде талдауға мүмкіндік берген.

Диссертациялық жұмыстың теориялық негізі классикалық әлеуметтік қақтығыс теорияларын, коммуникативтік әрекет теориясын, символдық интеракционизм мен институционалдық социологияны біріктіруге құрылған. Автор отбасылық медиацияны тек құқықтық рәсім шеңберінде ғана емес, әлеуметтік тұрғыда қалыптасқан, мәдени нормалармен, кәсіби практикалармен және күнделікті коммуникациялық үдерістермен өзара байланыста дамитын әлеуметтік институт ретінде негіздейді. Бұл тәсіл зерттеудің теориялық деңгейін арттырып, медиация феноменін қазақстандық әлеуметтік контекстте тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттерге жүргізілген жүйелі талдау ерекше назар аударарлық. Автор Scopus дерекқоры негізінде SPIDER әдіснамасын қолдана отырып, медиация және отбасылық даулар тақырыбындағы халықаралық ғылыми жарияланымдарға наукометриялық және библиометриялық

талдау жүргізген. Нәтижесінде зерттеудің негізгі тақырыптық бағыттары, жетекші ғылыми орталықтар мен зерттеушілер, сондай-ақ ғылыми олқылықтар айқындалған. Бұл диссертациялық жұмыстың ғылыми деңгейін халықаралық стандарттарға жақындатып, қазақстандық тәжірибені жаһандық ғылыми дискурс аясында қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол медиацияның әлеуметтік маңыздылығы, құқықтық жүйеге ықпалы және қоғамдағы қабылдану деңгейі туралы ғылыми қауымдастықтың назарын объективті түрде көрсетеді. Мұндай талдау зерттелетін мәселенің өзектілігін дәлелдейді және болашақ зерттеулер үшін әдістемелік негіз қалыптастырады.

Диссертациялық жұмыстың эмпирикалық бөлімі мазмұндық терендігімен және әдістемелік тұрғыдан жоғары деңгейде орындалуымен ерекшеленеді. Қазақстан Республикасының әртүрлі өңірлерін қамтыған 1200 респондентке жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижелері отбасылық даулардың таралуын, негізгі себептерін, қақтығыстық мінез-құлық үлгілерін, сондай-ақ халықтың медиация туралы хабардарлығы мен оған деген көзқарасын кешенді түрде талдауға мүмкіндік берген. Сандық деректерді өңдеу барысында заманауи статистикалық әдістер қолданылып, әлеуметтік-демографиялық факторлар мен медиацияға деген қатынас арасындағы өзара байланыстар ғылыми тұрғыда негізделген.

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы отбасылық даулардың басым бөлігі материалдық себептерден гөрі психологиялық және коммуникативтік факторлармен байланысты екенін көрсетеді. Сонымен қатар, білім деңгейі мен құқықтық-әлеуметтік ақпараттандырылу деңгейінің жоғары болуы медиацияға деген сенімді арттыратыны эмпирикалық тұрғыда дәлелденген.

Сапалық зерттеу аясында кәсіби медиаторлармен жүргізілген сараптамалық сұхбаттар отбасылық медиацияның институционалдық және кәсіби қырларын терең ашуға мүмкіндік берген. Медиаторлардың кәсіби тәжірибесіне сүйене отырып, автор отбасылық даулардың негізгі типологиясын, медиация жүргізудің кезеңдері мен сценарийлерін, сондай-ақ медиатор рөлінің әртүрлі кәсіби интерпретацияларын айқындаған. Сараптамалық бағалаулар медиацияның құқықтық реттеу мен коммуникативтік-психологиялық жұмысты ұштастыратын гибридті институт екенін көрсетеді.

Зерттеу барысында медиация мен сот талқылауының салыстырмалы талдауы жүргізіліп, олардың шешім қабылдау логикасындағы, жауапкершілікті бөлу жүйесіндегі және ұзақ мерзімді әлеуметтік салдарларындағы түбегейлі айырмашылықтары негізделген. Сарапшылардың пікірінше, сот талқылауы көбіне дауды ушықтырып, отбасылық қатынастардың үзілуіне әкелсе, медиация тараптар арасындағы диалогты сақтауға және өзара жауапкершілікке негізделген шешімдерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл тұжырымдар отбасылық медиацияның әлеуметтік тұрғыдан қалпына келтіруші және алдын алу әлеуетін айқындайды.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы Қазақстан жағдайында отбасылық медиацияны әлеуметтік институт және әлеуметтік практика ретінде кешенді социологиялық тұрғыдан талдауда көрініс табады.

Зерттеу нәтижесінде отбасылық медиацияның институционалдық нысандары жүйеленіп, оның дамуын тежейтін негізгі кедергілер анықталған, сондай-ақ медиация институтын жетілдіруге бағытталған дәлелді ғылыми ұсыныстар әзірленген. Респонденттердің сауалнамасы мен сараптамалық сұхбаттарды қамтитын көпөлшемді эмпирикалық деректер негізінде Қазақстандағы отбасылық даулар мен медиацияға кешенді әлеуметтік талдау жүргізілді. Сараптамалық сұхбаттардың сапалық талдауы негізінде медиаторлардың рөлдік стратегияларын, тараптардың өзара әрекеттесу динамикасын және отбасылық дауларды реттеу ерекшеліктерін ескеретін медиативтік тәжірибелердің типологиясы қалыптастырылды. Медиацияның дамуын шектейтін институционалдық, мәдени және ақпараттық кедергілер анықталып, оларды еңсеру бойынша практикалық ұсынымдар ұсынылды. Медиацияның тиімділігін арттыруға, институтқа деген сенімді нығайтуға және Қазақстандағы кәсіби медиаторлар қауымдастығын дамытуға бағытталған ғылыми негізделген ұсынымдар әзірленді. Алынған нәтижелер медиацияны дауларды реттеудің әлеуметтік механизмі ретінде теориялық және қолданбалы тұрғыдан түсінуді кеңейтіп, социологиялық ғылымның және дауларды баламалы реттеу тәжірибесінің дамуына үлес қосады.

Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы оның қорытындылары мен ұсыныстарын сот жүйесі, медиация орталықтары, медиаторларды даярлау бағдарламалары және отбасылық саясат саласындағы мемлекеттік және қоғамдық институттар қызметінде қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Зерттеу нәтижелері отбасылық даулардың әлеуметтік салдарын төмендетуге және қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға бағытталған бағдарламаларды әзірлеуде маңызды негіз бола алады.

Қорытындылай келе, Сыздықова Сәуле Мұстафақызының диссертациялық жұмысы ғылыми мазмұнының тереңдігімен, әдіснамалық негізділігімен және практикалық құндылығымен ерекшеленеді. Ізденуші жоғары деңгейдегі теориялық дайындықты, дербес ғылыми ойлау қабілетін және заманауи социологиялық зерттеу әдістерін меңгергенін толық көрсете білді. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің философия докторы (PhD) дәрежесін беру талаптарына толық сәйкес келеді, ал автор «6D050100 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін және диссертациялық жұмысты қорғауға жіберуге ұсынамын.

Ғылыми жетекші:
Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті
PhD, аға оқытушы
2.03.2026ж.

Омарова А.Т.

Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті
Кадрларды басқару бөлімі
Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак

қолын растаймын
кадр бөлімі
отдел кадров